

«Г.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясы» КММ  
Бұйрық № 157

Ақтөбе қаласы  
«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»  
жұмысын ұйымдастыру,  
қызметін жүзеге асыру туралы

10.10.2023ж.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерксшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын, Ақтөбе облысының білім басқармасының № 2/4423 хаты, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің №03-03/2181 10.10.2023ж.шығыс хаты негізінде

**БҰЙЫРАМЫН:**

- 1.2023-2024 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.
- 2.Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:
  - 2.1.Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау мектеп директоры Ж.О.Романоваға жүктелсін;
  - 2.2.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына Б.З.Матаеваға, Г.Т.Жүсіпке:
    - ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету;
    - орталық аясында өтетін сабақтардың кестесін жасап, бекіту.
    - орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін.
  - 2.3.Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарларына Н.У.Суюндиковаға, :
    - орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;
  - 2.4.Мектеп кітапханашыларына Г.Шайроваға, М.Базарбаеваға:
    - педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.
- 3.2023-2024 оқу жылына Орталық сабақтарының Бағдарламасы вариативті компонентті таңдау мүмкіндігімен және ата-аналарға сабақ беру бағдарламасының 20-30% әзірлемесі құрастырылып, контенттің мазмұнын сапалы құрылсын, педагогикалық кеңес отырысында бекітілсін.
- 4.Орталық жұмысы мектептің тәрбие жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде «Мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі» жаңа бағыты енгізілсін.
- 5.Орталық қызметін мектепшілік бақылауға алу, мектепшілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.С.Сүлейменоваға жүктелсін.
- 6.Орталық жұмысы аясында «Даналық мектебі» клубының жұмысы ұйымдастырылсын.
- 7.Педагогтерге ата-аналарға арналған сабақ бағдарламасының вариативті компонентінің әзірлемесін құрастыруға әдістемелік қолдау көрсету директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Д.Б.Муханбедияроваға жүктелсін.
- 8.Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру сынып жетекшілерге, Орталықтың жұмыс тобына жүктелсін.
- 9.Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.
- 10.Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата-аналардың облыстық, республикалық форумында тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.
- 11.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

*Қосымша 1 парақ:*